КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 16 мамыр №4360-25-00-2/521 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында О.А.Хабиевтің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Ақмешіт-Сарқырама» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Nurly Aspan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Қызылорда облысының білім басқармасының «Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Акнур Кушенеевна Уристембекова

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ЖАУАПКЕР ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«ОртаАзияЖолы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Б.Орынбеков
Жауапкер өкілі А.Сахиұлы
Үшінші тұлға «ОртаАзияЖолы» ЖШС-нің өкілі Д.М.Хамитов
Үшінші тұлға А.К.Уристембекова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – талап қоюшы, Басқарма) «Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда облыстық онкология орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының мәзіріне сәйкес 2025 жыл ішінде аптасына 7 күн 5 реттік тамақпен науқастарды дайындау және қамтамасыз ету» бойынша 2024 жылғы 6 желтоқсанда ашық конкурс ұйымдастырылып, конкурсқа басқа әлеуетті өнім берішілермен бірге «Ақмешіт-Сарқырама» ЖШС-гі де (бұдан әрі – жауапкер) өтінім тапсырған.

Басқармаға жоғарыда көрсетілген конкурсқа қатысып, конкурс қорытындыларымен келіспеген «Nurly Aspan» ЖШС-і тарапынан 06.02.2025 жылы №07санды шағымы түскен.

Шағымда конкурсқа қатысқан «Ақмешіт Сарқырама» ЖШС-нің Конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасының Еңбек ресурстары бөлігінде V-ші разрядты аспазшы – Уристембекова Акнур Кушенеевнаны көрсетіп, оған қатысты анық емес ақпарат ұсынылғаны көрсетілген.

Басқарма тарапынан Қызылорда қаласындағы «И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі» КМҚК-не жоғарыда аталған шағымда көрсетілген мәселелердің растығын зерделеу мақсатында Уристембекова Акнур Кушенеевнаға 2015 жылғы 21 желтоқсанда берілген №020325 куәлігі (тіркеу нөмірі 23) шынайылығын анықтап, осы колледжде «V-ші разрядты аспазшы» ретінде оқығандары туралы ақпаратты басқармаға жолдау сұратылған.

Колледж тарапынан 2025 жылғы 13 ақпандағы № 114 хатымен Уристембекова Акнур Кушенеевнаға «Тамақтандыру мекемелері маманы» бойынша «V(бесінші» разрядты» 2015 жылғы 21 желтоқсандағы №020325 куәлігі берілмегені, яғни аталған мамандықтар бойынша мамандар даярланбайтыны хабарланған.

Сәйкесінше талап қоюшы 2025 жылғы 24 ақпанда біліктілік талаптары туралы анық емес ақпарат бергені үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрап талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікірінде талап қоюмен келіспейтінін, бұл құжаттарды «ОртаАзияЖолы» ЖШС-нен алу барысында куәлігінің жалған екендігі бойынша еш ақпарат болмағанын, Еңбек ресурсында аспазшылар өзінің құрамында болуы қажет деген біліктілік талабы көрсетілмегенін мәлімдеп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін қуаттап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі жазбаша қарсы пікіріндегі уәждерін айтып талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 20.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 24.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Үшінші тұлға А.К.Уристембекова аталған колледжде шын мәнінде оқымағанын, «Ақмешіт-Сарқырама» ЖШС-інде де, «ОртаАзияЖолы» ЖШС-сінде де жұмыс жасамайтынын, оларға құжаттарын бермегенін айтып, қандай-да бір шешім қабылдауды соттың құзырына қалдыратыны туралы пікірін білдірді.

Үшінші тұлға «ОртаАзияЖолы» ЖШС-нің өкілі А.К.Уристембекова өздерінде жұмыс жасамайтындығын, бұған дейін басқа конкурсқа қатысқан әлеуетті өнім берушілерден құжаттарын сұрап алғанын, кейіннен «Ақмешіт-Сарқырама» ЖШС-нің сұрауы бойынша А.К.Уристембекованың құжаттарын оларға да бергенін мәлімдеп, қандай-да бір шешім қабылдауды соттың құзырына қалдыратыны туралы пікірін білдірді.

Үшінші тұлғалар «Nurly Aspan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қызылорда облысының білім басқармасының «Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны сот отырысы туралы тиісті түрде хабарланғанымен, өкілдері сотқа дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес істі көрсетілген үшінші тұлғалар өкілдерінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Анық емес ақпарат – әлеуетті өнім берушінің конкурсқа (аукционға) қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті өнім берушінің берілген өтінімінің шынайы мазмұнын бұрмалайтын және шындығына сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

«Ақмешіт Сарқырама» ЖШС-нің өтінімді қалыптастыру алдында осы конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысу туралы келісімді қабылдайды, өз кезегінде конкурсқа қатысу туралы келісімнің 4 және 5-абзацында:

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 20.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 24.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

- конкурстық құжаттамамен танысқанымызды және ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары (жеткізілетін тауарды (ларды), орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) туралы дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгенімізді растаймыз;

-конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін толық жауапкершілікті өзімізге аламыз деп нақты көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 191-тармағына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінім электрондық құжат нысанында веб-портал арқылы конкурстық құжаттамада көрсетілген оны берудің соңғы мерзімі өткенге дейін беріледі және әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарға және шарттарға келісім беру, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары мен Заңының 6-бабында белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын, өзі туралы мәліметтер алуға келісу нысаны болып табылады.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер конкурстық өтінімінде Конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасының Еңбек ресурстары бөлігінде V-ші разрядты аспазшы – Уристембекова Акнур Кушенеевнаны көрсетсе, Қызылорда облысының білім басқармасының «Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны тарапынан 2025 жылғы 13 ақпандағы №114 хатымен Уристембекова Акнур Кушенеевнаға «Тамақтандыру мекемелері маманы» бойынша «V(бесінші» разрядты» 2015 жылғы 21 желтоқсандағы №020325 куәлігі берілмегені, яғни аталған мамандықтар бойынша мамандар даярланбайтыны хабарланған, яғни әлуетті өнім беруші тарапынан шынайы емес ақпарат ұсынғаны анықталған.

Сондай-ақ, үшінші тұлға А.К.Уристембекованың өзі де аталған колледжде шын мәнінде оқымағанын, «Ақмешіт-Сарқырама» ЖШС-інде де, «ОртаАзияЖолы» ЖШС-сінде де жұмыс жасамайтынын, оларға құжаттарын бермегенін сот отырысында көрсеткен.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2025 жылғы 24 ақпанда жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қою қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 20.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 24.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сонымен бірге, АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1966 теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысын өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Ақмешіт-Сарқырама» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Ақмешіт-Сарқырама» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Ақмешіт-Сарқырама» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 20.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 24.06.2025

4360-25-3-1/502